

құрылтайшылардың қаражаттары жеткіліксіз болса, онда Ұлттық Банк ұйымының ашылуына қарсылық білдіреді. Ал рұқсатты алған сақтандыру ұйымын құрмақшы құрылтайшылар 2 ай ішінде Әділет органдарында тіркелуге тиісті. Тіркелгеннен кейін құрылтайшылар 6 ай ішінде Ұлттық Банкке сақтандыру операцияларын жүзеге асыруға лицензия беру туралы өтініш жасайды. Ол кезге дейін құрылтайшылар толығымен жарияланған жарғылық капиталды төлеп, ғимараттарын, құрал жабдықтарын түгелімен дайындауға және сәйкес маман иелерін жұмысқа алуға міндетті. Әрбір сақтандыру операциясының түріне бөлек лицензия қажет. Лицензия шексіз мерзімге беріледі, ол бәсірелік болып табылады, яғни ешкімге беруге, сатуға, сыйлауға болмайды және ол залог құралы бола алмайды.

Сақтандыру ұйымының құқықабілеттілігі сақтандыру қызметін жүзеге асыруға лицензия алған кезден бастап пайда болады да, лицензиясының күші жойылған кезден бастап тоқтайды.

Сақтандыру ұйымдары лицензия алған кезден бастап сақтандыру операцияларын жүзеге асыра бастайды.

Сақтандыру ұйымдары әрекет ету барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және Қазақстан Республикасының Қаржылық рынокты және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау, агенттігі қадағалау және бақылауында болады. Қазақстан Республикасының Қаржылық рынокты және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау агенттігі оларға пруденциалды нормативтер белгілей отырып, қажет жағдайларда шектеулі әсер ету шараларын, жаза шараларын қолдана отырып, сақтандыру ұйымдарының қызметін реттеп отырады.

\*\*\*

This article discusses the state regulation in insurance activities, as well as their implementation at this time.

\*\*\*

В данной статье рассматриваются проблемы правового регулирования страховой деятельности.

*Ж.С. Нокина*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БЮДЖЕТ АТҚАРЫЛУЫНЫҢ КЕЙБІР КЕМШІЛІКТЕРІ**

Қазіргі таңда қаржы саласындағы көкейкесті мәселелердің бірі болып бюджетті жоспарлау және оның атқарылуы табылады. Осыған байланысты, қаржы жүйесі органдары, оның ішінде Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті бюджеттің атқарылуын бақылау және талдау іс-шараларын жүргізу, мемлекеттік қаржылық бақылауды жетілдіру, әдіснамалық құжаттарды әзірлеу, қаржылық бұзушылықтардың себептерін зерделеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне сәйкес, бюджетке түсімдердің түсуі, бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) жөніндегі іс-шаралар кешенін орындау бюджеттің атқарылуы болып табылады.

Бюджет түсімдер және шығыстар бойынша атқарылуы мүмкін. Бюджеттің түсімдер бойынша атқарылуы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бюджетке түсетін түсімдердің тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда немесе тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде белгіленгеннен төмен болмайтындай мөлшерде толық және уақтылы есепке алынуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу болып табылады. Бюджеттің түсімдер бойынша атқарылуы:

- түсімдерді бірыңғай қазынашылық шотқа төлеуді және есепке алуды;
- бюджет кодексіне сәйкес түсімдерді республикалық, жергілікті бюджеттер мен Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры арасында бөлуді;
- Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес бюджеттен түсімдер сомасын қайтаруды не оларды салық берешегін өтеу есебіне есепке алуды қамтиды.

Бюджеттің шығыстар бойынша атқарылуы бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің бюджеттік бағдарламалар мақсатына тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешімінде не түзетілген бюджетте бекітілген сомалар шегінде уақтылы қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруы болып табылады. Мыналар:

– міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларын, бюджеттік бағдарламаларды (ішкі бағдарламаларды) қаржыландыру жоспарларын жасау және бекіту;

– түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасау және бекіту;

– мемлекеттік мекемелердің міндеттемелер қабылдауына рұқсаттар беру;

– мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін тіркеу;

– төлемдер мен аударымдарды жүзеге асыру бюджет шығыстарын атқарудың негізгі кезеңдері болып табылады [1].

Бюджеттің атқарылуы бюджетке барлық бюджет түсімдерінің түрлерін толық және уақтылы төлеумен, оларды Бірыңғай қазынашылық шотына (бұдан әрі - БҚШ) есепке алумен және бюджеттік бағдарламалардың мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды іске асыру мақсатында БҚШ-дан төлемдер мен аударымдарды уақтылы жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі [2].

Бюджет атқарылуы барысында ең жиі кездесетін мәселе – бюджет құқығындағы бюджет атқарылуының принциптерін сақтамау. Оларды нақты атап өтсек: Бюджет қаражатын нысаналы пайдалану принципі – бюджеттік бағдарламалардың паспорттарымен, мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерімен, нормативтік құқықтық актілермен айқындалып, бюджеттік бағдарламалар соларға сәйкес жүзеге асырылатын іс-шаралардың өткізілуіне, күтілетін нәтижелер мен индикаторларға қол жеткізуге бюджет қаражатын пайдалану; Бюджеттің бірқалыпты атқарылу принципі – қаржы жылының аяғына қарай төлемдер көлемінің жинақталып қалуына жол бермеу мақсатында бюджет қаражатын қаржы жылы ішінде бірқалыпты бөлу; Кассаның бірыңғайлық принципі – барлық бюджет түсімдерін бірыңғай қазынашылық шот есебіне жатқызу және барлық көзделген шығыстарды бірыңғай қазынашылық шоттан ұлттық валютамен жүзеге асыру; Уақтылылық принципі – түсімдерді республикалық және жергілікті бюджеттердің есебіне жатқызу және бюджет қаражатын жеке қаржыландыру жоспарларына, төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес пайдалану және бюджетке түсімдерді, сондай-ақ бюджет қаражатын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған мерзімде және тәртіппен оларды алушылар шоттарының есебіне жатқызу [3].

Төменде көрсетілген 2011 жылғы 1 сәуірге республикалық бюджет шығыстарының атқарылуы туралы ақпаратқа назар аударсақ, игерілмеген сома 64,4 млрд теңгені құрады, ол 2010 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 74,5 млрд теңгеге азайды.

Республикалық бюджетте 64,4 млрд теңге игерілмей қалды, одан 0,7 млрд теңге – мемлекеттік сатып алу бойынша үнемдеу, 8,4 млрд теңге, оның ішінде 5,4 млрд теңге Астана мен Алматы қалаларының әкімдіктері азаматтық-құқықтық мәмілелер мен келісімдерді тіркеу туралы хабарламаларды ұсынбауынан, сондай-ақ 1,2 млрд теңге шетелдік валюталардың кросс бағамдарының өзгеруі, 42,2 млрд теңге – конкурстық рәсімдердің дер кезінде өткізілмеуі; 9,9 млрд теңге – нормативтік құқықтық актілердің дер кезінде қабылданбауы; 1,5 млрд теңге – өтпей қалған конкурстар, 1,7 млрд теңге – бюджет қаражатының талап етілмеуі, көтеріңкі құндық көрсеткіштер [4].

Жалпы осы мәліметтерге жүгінсек, қаншама іс-шаралар өткізілуіне қарамастан, әлі де болса бюджет атқарылуының шын мәнінде жоспарланған сомасы мен факт негізінде жүзеге асырылуы сәйкес келе бермейтіндігіне көзіміз жетеді.

Сондықтан, қазіргі таңда бюджеттік жоспарлау, бюджеттің атқарылуы және оны игеру мемлекет үшін, қоғам үшін өте маңызды болып отыр. Осыған орай, бүгінгі күнде біз мынадай кемшіліктермен күресіп, оны тиісті дәрежеге жеткізуіміз керек:

- Бюджеттік жоспарлаудың нақтылай негізделіп жүзеге асырылмауы;
- Бюджет шығыстарының тиісті дәрежеде орындалмауы;
- Жергілікті бюджеттердің тікелей республикалық бюджеттерге тәуелділігінің сақталуы, әр түрлі деңгейлердегі бюджеттің дербес болмауы;
- Мемлекеттік органдардың бюджет бағдарламаларының іске асырылуын тиісті субъектілермен тығыз қарым-қатынаста орындамауы.

Осы аталған мәселелерді шешіп, жалпы бюджет жүйесін тиісті дәрежеге қою тек қана мемлекеттік заңнаманы дұрыстау нәтижесінде ғана емес, сонымен қатар, мемлекеттік басқарудың, құқықтың және экономиканың бөлек-бөлек субъектілерінің құзыреттерін дұрыс атқару негізінде жатыр.

1. Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 Қаулысы
2. Сартаев С.С., Найманбаев С.М. Бюджеттік құқық. - Алматы Жеті жарғы 2006.
3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің «2011 жылғы 1-тоқсандағы мемлекеттік бюджеттің атқарылу қорытындылары туралы» мәселесі жөніндегі отырысында Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Б. Жәмішевтің есебі.

\*\*\*

In this article the author considers problems and defects of budgetary execution of Republic Kazakhstan and offers ways of the decision of the given problem.

\*\*\*

В данной статье автор рассматривает проблемы и недостатки бюджетного исполнения в Республике Казахстан и предлагает пути решения данной проблемы.

*А.С. Умирзакова*

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БАНКТЕРДЕ ИПОТЕКАЛЫҚ НЕСИЕЛЕУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Банктердің басты атқаратын қызметтерінің бірі болып, экономика мен халықты несиелендіру болып табылады. Банктік несиелендіру қазіргі нарықтық экономиканың маңызды элементі ретінде қарастырылады.

Экономикалық категория ретінде, несие-кәсіпорындар, ұйымдар және бірлестіктер, сондай-ақ пайыз төлеу шартында белгілі бір мерзімге уақытша пайдалануға беру негізінде қалыптасатын өндірістік қатынастар жиынтығы.

Ал құқықтық категория ретінде несие, несиелік ұйымдардың құрылуы мен ақша қорларын заңды және жеке тұлғаларға белгілі бір мерзімге уақытша пайдалануға берілетін нормалардың жиынтығын құрайтын қалыптасқан бөлек қаржы құқықтық институт [1].

Несиелік операциялар – бұл несие беруші мен қарыз алушының арасындағы біріншінің екіншісіне төлемділік, мерзімділік және қайырымдылық шарттарына белгілі ақша қаражаттары сомасын ұсынуы бойынша қатынастар. Коммерциялық банктің несиелік операцияларын әр түрлі белгілер бойынша жіктеуге болады: мерзімдері бойынша - қысқа мерзімді (1 жылға дейін), орта мерзімді (1-ден 5 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (5 жылдан жоғары); қамтамасыз ету түрлері бойынша-қамтамасыз етілмеген (қарыз алушыға сенімге негізделген және қамтасыз етілуі жоқ бланкілер) және қамтамасыз етілген; банктің роліне байланысты-(несие беруші немесе қарыз алушы) активті және пассивті қарыздық операциялар (активтік бұл клиентті және басқа банктерді несиелеу; пассивтік – Орталық банктен және басқа коммерциялық банктерден банк аралық несие алу); несиелендіру мақсатына байланысты - негізгі капиталды арттыруға, айналым капиталын қаржыландыруға, тұтынушылық мақсаттарға арналған қарыздар.

Енді несиенің түрлерін үлкен ірі топтарға топтастыратын болсақ, олар: коммерциялық несие, банктік несие және ипотекалық несие. Соның ішінде қазіргі таңда өзекті мәселеге айналып отырған несие түрі бұл ипотекалық несие болып табылады.

Ипотекалық несие – қозғалмайтын мүліктерді кепілге ала отырып, ұзақ мерзімге берілетін несие. Бұл несие халыққа үш түрлі мақсатта берілуі мүмкін. Тұрғын үй құрылысына арналған жерді сатып алуға берілетін ипотекалық несие, тұрғын үй құрылысына және қайта құруға берілетін ипотекалық несие және тұрғын үйді сатып алу мақсаттарына берілуі мүмкін.

Қазақстанда тұрғын үйді ипотекалық несиелеу жүйесіндегі басты ерекшелік Қазақстан Ипотекалық компаниясының қызмет етуімен тығыз байланысты. Бұл компанияның бағдарламасы республиканың барлық аймақтарында қызмет етуде.

Сонымен қатар, тұрғын үй саясатын жетілдіру, дамыту мақсатында, 2008-2010 жылдарға арналған Тұрғын үй құрылысының Мемлекеттік бағдарламасы да бар.

Азаматтарға ұзақ мерзімді тұрғын үй ипотекалық несиелерді беру, мемлекеттің әлеуметтік экономикалық мақсаттарға жету үшін септігін тигізуде. Соның ішінде

- еліміздің халқы мемлекеттің қаржылай көмегінсіз, жеке дербес өзінің тұрғын үй жағдайын жақсартуға мүмкіндік алады;
- құрылыс кешенінің көлемі өседі, яғни тұрғын үй сатып алушылар саны көбейгендіктен, сұрау ұлғаяды;
- ипотекалық тұрғын үй несиелік операциялары бойынша банк секторының қаржы қызметі саласын дамытып, тұрақтандырады;